



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОПЕРА ӘНШІСІ ӘЙГЕРІМ АЛТЫНБЕКТИ ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Италияда өткен XI халықаралық CLIP 2025 опера байқауында топ жарып, жеңімпаз атанған Әйгерім Алтынбекке құттықтау жеделхатын жолдады.

— Еліміздің мәдениетін төрткүл әлемге танытып, халықаралық сарапшыларды мойындатқан бұл жетістігіңіздің мән-маңызы зор. Сіз мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, төл өнерімізді әлемнің төріне шығардыңыз. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра бересіз деп сенемін! — деп жазды Президент.

СПОРТ

СТУДЕНТТЕР ДОДАСЫ: БІР АЛТЫН мен ОН ҚОЛА

16-27 шілде аралығында Германияда өткен Универсиада ойындары аяқталды. 12 спорт түрінен 76 атлет барғанымен, үш спорт түрінен жүлдегерлер қатарына енді. Германияның төрт қаласында өткен дода көрерменге ерекше әсер сыйлады. Өйткені студенттер додасы алғаш рет бірнеше қалада ұйымдастырылды.



БЕРЛИНДЕГІ БЕЛЕС

Иә, спортшыларымыз Универсиаданы 11 медальмен аяқтады. Студенттер сайысында қоржынға 1 алтын, 10 қола медаль түсті. Осылайша, 37 орынға жайғастық. Әрине, бөрікті аспанға атар нәтиже емес. Десе де, кейінгі жылдары таеквондодан тасымыз өрге домалап тұрғанын дәлелдедік. Германияға барған 13 таеквондошының алтауы жүлде ілді, ішінде алтын жүлдесі тағы бар. Оған аралас құрама мен әйелдер құрамасы ұтып алған екі қоланы қосыңыз. Сонда бір спорт түрінен 8 жүлде еншіледік. Әсіресе, таеквондошылардың бір-бірін демеп, алаң сыртында аркадан қаканы қандай ғанибет. Самирхон Абабакиров алтын медаль алғанда бәрі сүйіншілей жүгірді. Өйткені 5 қоладан кейін, бір алтын күткеніміз анық. Ол финалда түрік спортшысы Омер Дайоглуны жеңіп, алтыннан алқа тақты. Қалған қыз-жігіттер бабында күресті, тек сәттілік жетпегені рас. Сөйтіп, Тамирлан Тілеулес, Дамир Шуленов, Батырхан Төлеуғали, Нодири Ахмедова, Бейбарыс Қаблан қола медаль алды.

→ 8



ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ТҮРКИЯҒА РЕСМИ САПАРМЕН БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевты Анкара қаласының «Есенбоға» әуежайында Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған қарсы алды.

Мемлекет басшысын күтіп алу үшін трап алдында құрмет қарауылы сап түзеп тұрды.

Әуежайда екі ел президенттері азкем әңгімелесті.

— Қонақжайлық танытқаныңызға көп рақмет. Әуежайға келіп, мені қарсы алдыңыз. Бұл мен үшін үлкен құрмет. Біздің арамызда ешқандай түйткіл жоқ. Бізді тек туыстық, ынтымақтастық

байланыстырады. Ертең маңызды сапар болады. Сапардың бағдарламасы өте мазмұнды. Оны толық іске асырамыз деп ойлаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

29 шілде күні мемлекеттер басшылары қазақ-түрік стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту перспективасын талқылап, келіссөз жүргізеді.

АРХЕОЛОГТАР ашқан сыр

Жаз шыға археологтар қолдарына керек жабдықтарын алып тарихи жерлерді аралап, өткен күннен сыр шертетін жәдігерлерді іздеуге шығады. Биыл да Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің археогтары Бұқар жырау ауданының аумағында орналасқан көне қоныс орнынан бірқатар құнды археологиялық олжа тапты. Сонымен қатар Нұра ауданында экспедиция мүшелері шамамен мың жыл бұрын өмір сүрген баланың қабірін тапты.



→ 5

БАЛАЛЫ МЕКТЕПТІҢ БАЗАРЫ ТАРҚАМАЙДЫ

Шекара жақтағы аумақтарды дамытуға мәні беріле бастады. Президент тапсырмасымен Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында шекара маңындағы бірнеше аудан қалпына келтірілді. Мұны жұрт жақсы қабылдады.



→ 4

«ӘДІЛ ҚОҒАМ» – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қоғамда әділдік пен заң үстемдігі, яғни баршаға ортақ «Заң және тәртіп» қағидасы орнықпаса, мемлекеттің дамуы да, халықтың әлауқаты да тұралай түседі. Бұл – адамзат баласы өмір сүріп келе жатқан сонау әлмисақтан бергі өз мәні мен маңызын жоймағаны ақиқат.



→ 7

29 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ҚҰҚЫҚ



АЛИМЕНТ ӨНДІРУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРАДЫ

Жыл басынан бері жеке сот орындаушылар алимент төленбеген істері бойынша 18 млрд теңге өндірді. Бұл туралы Республикалық жеке сот орындаушылар палатасының баспасөз қызметі хабарлады.

Палатаның айтуынша, балалардың құқықтарын қорғау жұмысы тек мәжбүрлеу шараларымен шектелмейді. Сот орындаушылар жан-жақты шешімдер іздестіріп, тіпті борышкерлерді жұмысқа орналастыруға атсалысады. Мәселен, жыл басынан мемлекеттік органдармен бірлесіп 329 бос жұмыс орындары жәрменкесі өткізілген. Нәтижесінде, 2 722 борышкер жұмысқа тұрған. Бұл оларға қарыздарын өтеуге және ата-аналық міндеттерін орындауға мүмкіндік берді.

— Ерлі-зайыптыларды татуластыруға және отбасын сақтап қалуға да ерекше назар аударылады. Жыл басынан бері елімізде 2 221 жұп татуласқан. Батыс Қазақстан облысында тіпті қылмыстық қудалау

тоқтатылды, ерлі-зайыптылар арасындағы диалог қалпына келген соң 7 қылмыстық іс жабылды. Ал міндеттемелерді орындаудан қасақана жалтарған жағдайда қатаң шаралар қолданады. Жеке сот орындаушылар бастамасымен 2 615 борышкер — әкімшілік жауапкершілікке, 254-і қылмыстық жауапкершілікке тартылды, — деп жазылған палата хабарламасында.

Дегенмен қол жеткен нәтижелерге қарамастан, алимент өндіру жүйесін әлі де жетілдіру қажет. Осыған орай, жеке сот орындаушылар палатасы Парламент депутаттарымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, заңнамалық түзетулерді дайындаған. Олар күз басталысымен Парламентте қаралмақ.

ЖАСЫЛ КӨЛІКKE ЖАҢАНДЫҚ СҰРАНЫС

Британиялық Rho Motion зерттеу компаниясының мәліметінше, биылғы алғашқы алты айда электро-мобильдердің жаһандық сатылымы былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 28 пайызға өсіп, 9,1 миллионға жетті.

Маусым айында электро-мобильдердің сатылымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24

пайызға артып, 1,8 миллион данаға жеткені атап өтілді.

Бұл тұрғыда Қытай сөзсіз көшбасшы. Дүниежүзінде сатылған көліктердің 5,5 миллионы Қытайға тиесілі. Еуропада 2025 жылдың қаңтар-маусым айларында электро-мобильдердің сатылымы 26%-ға өсіп, 2 миллион дана болды. Солтүстік Америкада (АҚШ, Канада, Мексика) соңғы алты айда сатылым 3%-ға төмендеп, тек 900 мың электро-мобиль сатылды. Қалған елдерде сату көлемі 40%-ға өсіп, 700 мың электро-мобиль сатылды.

ӘСКЕРИ ЖАУЫНГЕРЛЕР — ЕЛ ҚОРҒАНЫШЫ

Бүгінгі күрделі геосаяси жағдайда мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы бұрынғыдан да артып келеді. Қазақстанның Қарулы күштері — ел тыныштығы мен тұтастығының кепілі. Осы бағытта жас офицерлерді дайындау мен әскери міндеттілерді қайта оқыту — еліміздің қорғаныс қабілетін күшейтудің нақты көрінісі.



Жуырда Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының 210 түлегі үлкен өмірге жолдама алды. Жас лейтенанттарға дипломдарын Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары, Бас штаб бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов табыстап, Отанға адал қызмет етуге тілектестік білдірді.

— Құрлық әскерлері әскери институтының түлегі атағын мақтанышпен алып жүріңіздер. Елге қызмет ету — ең үлкен абырой, — деді ол өз сөзінде.

Биыл 55 жылдығын атап өтетін әскери оқу орнының түлектері тек кәсіби біліммен ғана емес, сонымен қатар ғылым, спорт және қоғамдық қызметтегі белсенділігімен де ерекшеленді. Бұл әскери кадрлардың жан-жақты дамып келе жатқанын білдіреді.

Ал осы күндері «Мәтібулак» полигонында әскери міндеттілердің қатысуымен жиын өтті. Жиында қауіпсіздік жүйесінің тағы бір маңызды тетігі талқыланды. Алматы, Жамбыл облыстары мен Алматы қаласынан келген бұрынғы әскери қызметшілер бір ай бойы тактикалық, атыс және саптық машықтарын қайта жаңғыртып, бөлімше құрамында әрекет етуді пысықтап жатыр.

— Әскерде алған дағдымды қайта шыңдауға мүмкіндік алдым. Бұл — әр азамат үшін үлкен жауапкершілік. Мен Отан алдындағы парызымды өтеуге әрқашан дайынмын, — дейді жиынға қатысушы Ернар Маутханов.

Оқу жиынына қатысушылар толықтай керек-жарақпен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар олар жұмыс орындары мен қызметтік лауазымдарын сақтай отырып, ай сайынғы жалақы көлемінде төлем алады. Бұл — мемлекет тарапынан әскери міндеттілерге деген құрметтің белгісі.

Мемлекет қорғанысын тек кәсіби армиямен емес, сонымен қатар дайындығы бар резервтік күштермен де қамтамасыз ету — ұлттық қауіпсіздік стратегиясының ажырамас бөлігі. Жас лейтенанттардың сапқа қосылуы және резервтегі жауынгерлердің дайындығы Қазақстан армиясының қуатын көрсететін нақты көрсеткіш.

Әсет ҚАЛИ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖЕЛІ ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Астана қаласы және Солтүстік Қазақстан облысының ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөліністері мен прокуратура органдарының бірлескен жедел іс-шаралары нәтижесінде ел аумағында адам саудасына қатысы бар екі қылмыстық топтың әрекеті тоқтатылды.



— Қылмыскерлер интернет-ресурстарды жүйелі түрде пайдалана отырып, жыныстық қанауға қатысты заңсыз қызмет түрлерін жарнамалап, жүргізіп отырған. Олардың әрекеті ұйымдасқан сипатқа ие болып, миллиардтаған пайда табуға әкелген, — делінген хабарламада.

Алдын ала деректер бойынша, қылмыстық топтың күнделікті табысы 1,5 млн теңгеге дейін жеткен, ал 2024 жылдың басынан бері қаржы айналымы 1,7 млрд теңгеден асады. Бұл қылмыстық желінің ауқымын және ұйымдасқан деңгейін көрсетеді.

— Жүргізілген тінту барысында ақша, банк карталары, автокөліктер, компьютерлер, ұялы телефондар және басқа да цифрлық ақпарат тасымалдағыштар тәркіленді. Негізгі фигуранттар мен олардың сыбай-

ластарына қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды, — делінген құзырлы органның хабарламасында.

Аталған фактілер бойынша Қылмыстық кодекстің адам саудасы мен ұйымдасқан қылмыстық топты құру және оған қатысу баптары бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлкін тәркілеу түріндегі жаза қарастырылған.

Ішкі істер министрлігі басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, заңсыз қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын интернет-ресурстарды анықтау және бұғаттау жұмыстарын белсенді түрде жалғастыруда.

ТАРАПТАР ТАТУЛАСУҒА НИЕТТІ

Тайланд пен Камбоджа Малайзияда шекара дауына байланысты келіссөздер бастады.

Khmer Times газетінің мәліметінше, Камбоджа мен Тайланд арасындағы шекаралық қақтығыс аясында тараптар Малайзия астанасы Куала-Лумпурда келіссөздер өткізуде. Оған Камбоджа премьер-министрі Хун Манет арнайы келсе, Тайланд делегациясына елдің уақытша премьері Фумтам Вечаячай жетекшілік етуде. Келіссөздерге Малайзия премьер-министрі Анвар Ибрагим төрелік етіп отыр. Ол Камбоджа мен Тайланд үкіметтері өзара бейбіт келісімге келуге көмектесуді сұрағанын атап өтті.

Қақтығыс жалғасып жатқан тұста Тайландтың 2-армиялық округі шекарадағы жағдайға қатысты жаңартылған деректерді жариялады. Әскери ведомствоның мәліметінше, қазір атыс жүріп жатқан аймақ саны жетіге дейін қысқарған. Бұл алғашқы күнмен салыстырғанда үш учаскеге аз. Қақтығыс салдарынан 51 бейбіт тұрғын зардап шеккен: 14 адам қаза тапты, 12 адам ауыр жараланған, 12-сі орташа жарақат алған, 13 адам жеңіл жарақатпен тіркелген. Сонымен қатар Тайланд армиясының 8 әскери қызметкері мерт болды, 103-і жараланды. Қауіп аймағынан жалпы 139 646 адам эвакуацияланған.

Айта кетейік, қақтығыс мамыр айының соңында камбоджалық сарбаз қаза болғаннан кейін басталған. Бұл оқиға шекарада болған қысқа атыс кезінде болған. Осыдан кейін қос тарап та шекарадағы әскери күшін күшейтіп, Тайландтағы коалициялық үкімет дағдарысқа ұшырай бастады.

Тайланд пен Камбоджа 817 шақырымдық құрлық шекарасының бойындағы бірнеше нақты белгіленбеген аумақтар үшін ондаған жылдар бойы дауласып жатыр. Даудың басты себебі — ХІ ғасырда салынған Та Моан Тхом мен Прэахвихеа индуистік храмдарының иелік мәселесі.



ӘЙГЕРІМНІҢ ЖЕҢІСІ

Әйгерім Алтынбек Италиядағы ХІ Халықаралық опера әншілеріне арналған Портофино байқауында төрт марапатқа ие болды.



Жас әнші бірінші орынды және көрермен көзайымы жүлдесін, «Ең үздік әйел дауысы» аталымын, Карло Майердің арнайы жүлдесін жеңіп алды. Бұл — Қазақстан мәдениеті үшін тарихи жетістік.

«Байқау тарихында тұңғыш рет Әйгерім Алтынбек байқау басталған сәттен бастап, барлық қазылар алқасының бірауыздан

бірінші орында деп таныған қатысушысы болды. Бұл — өте сирек кездесетін жағдай және көрермендердің оған Emotion Prize жүлдесін беруінің әділ болғанын дәлелдейді», — деді байқау қазылар алқасының төрағасы, белгілі опера менеджері Доменик Мейер. Байқауға әлемнің түпкір-түпкірінен 200 өтінім түскен, олардың ішінен 92 үміткер жартылай финалға өтті. Ал соңғы кезеңде 10 финалисті Генуя қаласындағы Teatro Carlo Felice оркестрімен бірге өнер көрсетті. Солардың арасынан Әйгерім бірнеше аталым бойынша озып шықты.

Айта кету керек, «Ең үздік әйел дауысы» жүлдесін Әйгерімге Ibáñez-Atkinson қоры (Чили) табыстады. Бұл ұйым әлемдегі талантты жас вокалистерді қолдайды және Сантьягодағы опера театрымен бірлескен жастар бағдарламасын дамытады. Әйгерім — қор қолдаған алғашқы

еуропалық емес әнші, бұл оның Еуропадан тыс халықаралық мансабына жол ашатын маңызды қадам.

Ол қатты бәсекелестікке қарамастан, Қазақстан вокал мектебінің әлемдік деңгейде жаңа стандарттар орната алатынын дәлелдеді.

CLIP байқауы (Concorso Lirico Internazionale di Portofino) — Италияның Портофино қаласында жыл сайын өтетін, әлемдегі ең беделді опера байқауларының бірі. Қазылар алқасына Еуропаның жетекші опера театрлары — Вена операсы, Ла Скала, Глайндборн, Метрополитен және Театр Елисей алаңы сияқты мекемелердің режиссерлері мен импресариолары кіреді. Финалдық концерт ашық аспан астында өтеді және италиялық телеарналар арқылы көрсетіледі, мыңдаған көрермен жинайды.

С. БЕГІМБАЙ

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Ақмола облысы Қосшы қаласында үлестік негізде салынып, ұзақ жылдар бойы тоқтап тұрған бұрынғы «Сиреневый сад» тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Бұл – «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы нәтижесінде жүзеге асқан нақты істердің бірі.



Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын қаржы құйған 110 отбасы көптен күткен баспанасына қол жеткізді. Кілт табыстау рәсімі Қосшы қаласының мерекесіне орай ұйымдастырылып, бұл іс-шараға ерекше мән берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2021 жылы қала мәртебесі берілген Қосшы бүгінде серпінді дамып келе жатқан елді мекендердің қатарына қосылды.

Бұрын «Сиреневый сад» аталған тұрғын үй кешеніне «Ынтымак» атауы берілді. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов бұл атау ұзақ күткен үміттің ақталғанын және жаңа кезеңнің басталғанын білдіретінін айтты.

«Қосшы — болашағы зор, мүмкіндігі мол, шығармашыл әрі еңбекқор азаматтар тұратын қала. Соңғы төрт жылда ауқымды жұмыстың тек бастамасы ғана орындалды. Соның жарқын дәлелі — «Ынтымак» тұрғын үй кешенінің үлескерлеріне пәтер кілттерінің табысталуы», — деді өңір басшысы.

Қосшы қаласындағы «Сиреневый сад» тұрғын үй кешенінің құрылысы 2014 жылы тоқтап қалған болатын. 2023 жылы бұл нысан үлестік құрылыс мәселелерін шешуге арналған өңірлік Жол картасына енгізілді. Құрылыс жұмыстары «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жаңа инвестордың қатысуымен қайта жанданды. Облыс әкімдігі мен «ҚС Сауда» ЖШС арасындағы өзара келісім құрылыс қайта жанданып, сегіз айдың ішінде толық аяқталды.

Үлескерлердің мәселесін шешу — «AMANAT» партиясы үшін аймақтарды дамытудағы басым бағыттардың бірі. «Ынтымак» тұрғын үй кешенінің аяқталуы — осы бағыттағы маңызды кезең. Жақын арада келесі ірі жоба — Diamond Park тұрғын үй кешенінің құрылысы басталмақ.

«AMANAT» партиясы азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға және тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған әлеуметтік бастамаларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ АШЫЛДЫ

«AMANAT» партиясының 2023–2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру Батыс Қазақстан облысында жүйелі түрде жалғасып келеді. Жол картасы аясында Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданына қарасты Бірлік ауылында дәрігерлік амбулатория салтанатты түрде ашылды.



Жаңа медициналық нысанның ашылу салтанатына Батыс Қазақстан облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мадияр Утешов, Жаңақала ауданының әкімі Алпамыс Көшкінбаев, «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Афица Семғалиева, медицина ардагерлері, мекеме басшылары және ауыл тұрғындары қатысты.

«Бұл жаңа медициналық пункт — Бірлік ауылының тұрғындарына медициналық қызметтердің сапасын жақсарту және қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды жоба. Енді ауыл тұрғындары өз ауылынан шықпай-ақ заманауи әрі ыңғайлы жағдайда медициналық көмек ала алады», — деді «AMANAT» партиясы

Батыс Қазақстан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Афица Семғалиева.

Медициналық мекеме заман талабына сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, қабылдау бөлмесі, күндізгі ем қабылдау бөлмесі, емдеу бөлмесі, вакцинация кабинеті, туберкулезге қарсы кабинеті және физиотерапия кабинеті бар.

Жаңадан ашылған дәрігерлік амбулатория — Батыс Қазақстан облысындағы «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасының аясында жүзеге асырылған маңызды жобалардың бірі. Бұл кадам ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсартуға, медициналық көмекке қолжетімділікті арттыруға бағытталған.



ҒАЛАМДЫҚ ӨРКЕНИЕТТЕР ДИАЛОГІ

2025 жылдың шілде айында Бейжің қаласында Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Халықаралық байланыстар департаментіне қарасты Contemporary World Magazine журналы ұйымдастырған кәсіби тәжірибе алмасу бағдарламасы өтті. Іс-шараға Азия мен Африканың 12 елінен келген халықаралық журналистер делегациясы қатысты. Қазақстан атынан «AMANAT» партиясының мүшесі Ақсанат Тулесова делегация құрамында болды. Сапардың басты оқиғасы 10–11 шілде күндері Бейжіңде өткен Ғаламдық өркениеттер диалогі жөніндегі министрлік кездесуі (Global Civilizations Dialogue Ministerial Meeting) болды.

Бұл кездесу аясында Өзбекстан, Сингапур, Малайзия, Филиппин, Индонезия, Нигерия және өзге де елдердің өкілдері бас қосты. Қатысушылардың географиялық және кәсіби әртүрлілігі пікір алмасудың жан-жақтылығын қамтамасыз етті.

Жаһандық өркениеттер диалогі жөніндегі форумға 140-тан астам ел мен халықаралық ұйымнан 600-ден астам делегат жиналды. Онда мәдени әртүрлілікті сақтау, орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізу, өркениетаралық өзара түсіністікті тереңдету және КХР Төрағасы Си Цзиньпин ұсынған «Жаһандық өркениеттер бастамасын» жүзеге асыру мәселелері кенінен талқыланды.

«Барлық адамзатқа ортақ құндылықтарды бірлесе дәріптеуіміз қажет. Бейбітшілік, даму, теңдік, әділдік, демократия мен еркіндік — барлық халықтардың ортақ ұмтылысы. Әрбір өркениеттің құндылықтарды өзінше қабылдайтынын түсіне білген жөн. Өз көзқарасымыз бен үлгімізді өзгелерге күштеп тануға немесе идеологиялық қарама-қайшылыққа жол беруге болмайды», — деді Қытай Халық Республикасының Төрағасы.

Министрлік кездесу — елдер арасындағы өзара құрмет пен сындарлы диалогтің маңызын айқын көрсетті. Қытай тарапы шараны жоғары деңгейде ұйымдасты-



Жаһандық өркениеттер диалогі жөніндегі форумға 140-тан астам ел мен халықаралық ұйымнан 600-ден астам делегат жиналды.

рып, гуманитарлық және ақпараттық байланыстарды нығайтуға мүдделі екенін айқын көрсетті.

Іссапар аясында делегация мүшелері ҚКП Орталық комитетінің Халықаралық істер жөніндегі департаментінің министрі Лю Цзянчаомен кездесті. Оның айтуынша, гуманитарлық байланыстар мемлекетаралық сенімді нығайтатын маңызды құрал. Сонымен қатар білім беру, цифрландыру, ғылым мен технология, медиасаладағы ынтымақтастыққа басымдық берілетінін айтты.

Министрдің сөзінше, БАҚ арқылы халықаралық ықпалдастықты дамыту — өзара құрмет, теңдік және ашық диалог қағидаттарына негізделген, ортақ келешекке ұмтылған жаһандық қауымдастықты қалыптастырудың маңызды бөлігі.

Форум бағдарламасына пленарлық отырыстар, тақырыптық сессиялар, сараптамалық пікірталастар мен бейресми кездесулер енді. Жастардың өркениетаралық диалогтегі рөлі негізгі тал-

қылау тақырыбына айналды. Жас журналистер, блогерлер мен азаматтық қоғам өкілдері өзара түсіністікті нығайту, жалған ақпаратпен күресу және бейбітшілік пен ынтымақтастық құндылықтарын дәріптеу жолдарын ортаға салды. Ашық әрі өзара сыйластыққа негізделген пікірталас ортақ көзқарастарды қалыптастыруға ықпал етті.

Журналистер делегациясы үшін арнайы ұйымдастырылған бағдарлама аясында қатысушылар пікір алмасудан бөлек, Қытайдың даму тәжірибесімен де танысты. Бейжің, Яньань және Сиань қалаларында орнықты даму, цифрлық басқару және мәдени мұраны сақтау салаларындағы нақты жобалар таныстырылды.

Бұл сапар өркениеттер арасындағы өзара түсіністікті тереңдетіп, гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға жол ашты. Сонымен қатар қазіргі жаһандық сын-көзқарастар кезеңінде диалогтің өзектілігін айқындай түсті.

БЕРЕКЕЛІ ЖЫЛЫЖАЙ

Жамбыл ауданына қарасты Мыңбаев ауылының тұрғыны Болат Тоқбаев «AMANAT» партиясының бастамасымен іске қосылған «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеңілдетілген несие алып, жылыжай шаруашылығын жолға қойған. Бүгінде ол көкөніс пен гүл өсіруді қатар дамытып, ауылда отырып-ақ тұрақты табыс тауып отыр.

Кәсіпкер 6,2 млн теңге көлеміндегі 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиеге 1,5 соттық жерге жылыжай салып, қызанақ, шалғам, қарбыз және жүзім өсіруді қолға алған. Жылыжайда тамшылатып суару, суды жылыту және желдету секілді жүйелер қарастырылған. Негізгі басымдық қызанақ өсіруге берілген. Орта есеппен жылына 1,5-1,8 тоннаға дейін өнім жиналады. Маусым айларында күніне 40-50 келіге дейін қызанақ теріліп, ауыл дүкендеріне және көтерме сатып алушыларға жөнелтіледі.

«Быттыр күзде қызғалдақтың тұқымын отырғыздым. Тұқымды арнайы Голландиядан әкелінген сорттармен араластырып өктім. Жылыжай ішіндегі температураны қыста 10-12 градустан түсірмей ұстауға тырыстым. Соның арқасында наурыз мерекесіне қарай 13 мың дана гүл жинап, түгелдей сатып үлгердім. Сұраныс өте жоғары болды.



Әсіресе мектеп, балабақша, мәдениет үйі сияқты мекемелерден алдын ала тапсырыстар түсті. Бір күнде мың данаға дейін сатылған кездер болды. Енді келесі жылы бұл көрсеткішті екі есеге арттырып, гүлді тек ауылда емес, аудан орталығында да сатуды жоспарлап отырмын», — дейді Болат Тоқбаев.

Оның айтуынша, жылыжай — жыл он екі ай табыс әкелетін тұрақты кәсіпке айналған. Бұл бағытқа бет бұруына «AMANAT» партиясы ұсынған «Ауыл аманаты» бағдарламасы себеп болған.

Бағдарлама туралы алғаш рет Алматы облыстық партия филиалынан естіп, құжаттарын дайындап, несиеге өтініш берген. Қолдау мақұлданып, қажетті қаражатқа жылыжай құрылысын бастаған. Қазір бұл кәсібі арқылы ауыл ішіндегі сұранысты толық қамтып отыр.

Айта кету керек, «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы Алматы облысында екі жылда 1 360 адамға 11 млрд теңге несие берілген. Тек быттыр 250 жоба қаржыландырылып, тағы 31 кәсіпкерге қосымша қолдау көрсетілді.

ӨЗЕКТІ

29 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Шекара жақтағы аумақтарды дамытуға мән беріле бастады. Президент тапсырмасымен Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында шекара маңындағы бірнеше аудан қалпына келтірілді. Мұны жұрт жақсы қабылдады. Ресми мәлімет бойынша жаңа аудандарда тіршілік жанданды, инфрақұрылым жақсару үстінде. Әйткенмен, шекара жанындағы елді мекендердің шағын жинақты мектептерінің жабылу қаупі сақталды. Парламент бұл проблеманы шешуге де Үкімет назарын аудартып отыр.

ШЕКАРАДАҒЫ АУЫЛДАРҒА – ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕ

2025 жылғы 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке шекара қасындағы аумақтардың ауаулын бақылауда ұстауды, олардың жұртшылығына жан-жақты көмектесуді жүктеген болатын.

— Ауылды дамыту тұжырымдамасында шекаралық аумақтарға қатысты жұмыстың негізгі бағдары айқындалған. Шеткері жатқан елді мекендердің ахуалы ел іргесінің бекем болуына тікелей әсер етеді. Бұл — стратегиялық маңызы бар мәселе! Осы бағытта жұмысты белсенді жалғастыру керек. «AMANAT» партиясы шекара маңындағы аудандарды дамытуға қатысты жаңа заң қабылдауды ұсынды, — деген Президент Үкіметке депутаттармен бірге бұл бастаманы жан-жақты қарастыруды жүктеді.

Шекаралық аудандарға ерекше мәртебе беретін арнайы заң жобасын талқылауға депутаттық корпус жаңа сессиясында кіріспек. Бұл өте маңызды міндет, себебі мемлекеттің шекарасының амандығы — елдің егемендігі мен тәуелсіздігінің беріктігінің нышаны. Мұның сыртында шекаралық аудандар Қазақстанның аумақтық тұтастығын сақтау үшін стратегиялық маңызға ие.

Қазақстанның 20 облысының басым көпшілігі — 14-і шекара бо-



БАЛАЛЫ МЕКТЕПТІҢ БАЗАРЫ ТАРҚАМАЙДЫ

ішкері аудандарымен көлік қатынасының нашарлауы, әлеуметтік нысандардың жабылуы, инженерлік инфрақұрылымның тозуы, сондай-ақ Кеңес кезінде болған жеңілдіктердің алып тасталуы ықпал еткен екен.

Әсіресе, бұл проблема СКО, Қостанай, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында өткір тұр. Депутат Е.Саиров шекаралық аумақтарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттардың болуына қарамастан, олардың тетіктерінің толыққанды жұмыс істемейтініне екпін түсірді.

Шекаралық аудандарға қатысты мемлекеттік қолдау шаралары әралуан нормативтік актіге шашырап кеткен, нақты басымдықтары бекітілмеген. Сондықтан жағдайды түпкілікті түзету үшін жеке заң керек. Құжат «Қазақстанның шекаралық аумақтарын дамыту туралы» деген шартты атауға ие.

тіршілік бар» деп бекер айтылмаған. Өйткені мектеп жабылса, ауылдан жас ұрпақ кетеді, балаларына мектебі бар елді мекен іздеп, ата-аналары көшеді. Жастары ауған ауыл қараң қалады. «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев бұған жол бермеу үшін білім министрлігі жаңа бұйрық қабылдап, шағын жинақты мектептегі

былмапты. Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев оларға жауабында Батыс Қазақстан облысының шекаралас аудандарында орналасқан 13 мектеп «бүгінгі күнде штаттық негізде жұмыс істеп жатқанына» сендірді.

— Әйткенмен, аталған мектептерде оқушы санының белгіленген жүктемеден едәуір аз болуына бай-



оқушы санына қатысты талапты шекара маңы елді мекендері үшін жоюы керек деп есептейді.

— Мәселе мектептің жұмыс істеп тұруына кепілдік беретін оқушы санының шегіне қатысты. Батыс Қазақстан облысының 8 ауданы Ресейдің 5 облысымен шектеседі. Бала санының аздығынан БҚО-да соңғы үш жылда 12 бастауыш мектеп жабылыпты. 2024 жылы Жәнібек, Теректі, Сырым, Қаратөбе аудандарында 4 бастауыш мектеп таратылған. Мектеп жабылды деген сөз бұғанасы қатпаған балалар өзге ауыл-ауданға оқуға кетуге мәжбүр дегенді білдіреді. Ол жақта оның қауіпсіздігіне, жатын орны мен ас-суына кім кепілдік береді? Жұмыссыз қалған ұстаздардың хәлі нешік? Адамы көшкен ауыл картандан өшеді, — дейді депутат.

Оның мәліметі бойынша, БҚО-ның Ресеймен шектесетін 8 ауданының 7-еуінде бала санының аздығына байланысты мектептер жабылмақшы. Нормативке өзгеріс енгізілмесе, тағы 13 мектепті толық көлемде сақтап қала алмайды. Осыған орай «аманаттық» депутаттар Үкіметке нақты ұсыныс енгізді.

Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы «Халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы» №185 бұйрығын өзгертетін жаңа бұйрық қабылдау қажет. Сол арқылы ерекше жағдайда немесе шекара маңында орналасқан мектептер үшін нормативтердің шегін азайту ұсынылды.

Үкіметтің ақпаратынша, депутаттар тілге тиек еткен 13 мектеп жа-

ланысты жаңа 2025-2026 оқу жылында жалпы орта білім беретін мектепті — негізгіге, негізгі орта мектепті — бастауышқа ауыстыру не мүлдем тарату қаупі бар. Оқу-ағарту министрлігі БҚО әкімдігіне шекаралас ауыл мектептерін сақтап қалу және дамыту жөнінде хат жолдады. Қазір министрлік Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативінен шекара аймағында орналасқан мектептерді алып тастау мәселесін пысықтап жатыр. Бұл мәселе Үкіметтің бақылауында және оны шешу жұмысы одан әрі жалғасады, — деді вице-премьер.

ҚАШЫҚТЫ КОМПЬЮТЕР ЕҢСЕРЕДІ

Шағын жинақты мектептерге қатысты норматив бұған дейін жеңілдетілген көрінеді. 2020 жылы бастауыш мектептерде — 5-тен 40 оқушыға дейін, негізгі мектепте — 41-ден 80 оқушыға дейін, орта мектепте — 81-ден 180 оқушыға дейін білім алуы «ШЖМ-ның негізгі белгісі» болды. Бертінде, 2022 жылғы 6 мамырда Білім және ғылым министрінің №185 бұйрығы қабылданып, «Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативі» бекітілді.

— Нормативке сәйкес, әрбір ауылдық елді мекенде білім алушылардың жалпы саны сақталса, онда білім беру ұйымдарының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі. Атап айтқанда, енді кіші мектеп жасындағы оқушы саны 5-еу болса, мемлекеттік бастауыш мектеп, кіші және орта мектеп жасындағы бала саны 41 және одан көп болса, негізгі орта мектеп,

ал, кіші, орта және жоғары сынып жасындағы оқушы саны 81-ден кем болмаса, онда жалпы орта білім беретін мектеп жабылмайды, — деді вице-премьер Е.Көшербаев.

Бұдан бөлек, Оқу-ағарту министрлігі ел өңірлерінде шағын жинақты ауылдық мектептердің әлеуетін дамыту жобасын бастады. «Қазақстан халқына» қорының, Білім беруді тұрақты дамыту қорының қолдауымен қолға алынған жоба бастапқыда Ақтөбе облысында сынақтан өтті. Нәтижесінде, осы өңірдегі шекаралық ауылдарда білім беру сапасы мен оқытудың тиімділігі айтарлықтай артқаны анықталыпты.

Егер шекара жақтағы ауылға интернет тартса, тұрғындары кему орнына көбейеді. Сондай-ақ оқу сапасы да күрт жақсарады. Ақтөбе облысында жалпы саны 10,5 мың оқушы контингенті бар 134 шағын жинақты мектебі пилоттық жобамен қамтылды.

Жоба қорытындысында мектептердің 77,4%-ы жоғары сапалы интернетке қол жеткізді. Ғаламтор болса, мектептің де қажеті болмауы мүмкін, балалар дамыған елдердегі сияқты қашықтан оқытуға көшіріледі және көрші ауыл-аудандарға қатынамайды. Олай болса, отбасыларға да көшудің қажеттілігі болмайды.

— Жобаны іске асыру нәтижесінде тірек мектептер шалғай ауылдардың балаларын онлайн оқытуға арналған 155 жаңартылған цифрлық кабинет пен зертханалық жұмыстарды жүргізуге арналған ғылым кабинеттерге қол жеткізді. Сондай-ақ 1 мыңнан астам педагог білім беру бағдарламалары бойынша оқудан өтті. Оқу жетістіктеріне жүргізілген мониторинг нәтижелері барлық пәннен оқушылардың үлгеріміндегі динамиканы көрсетті, — дейді Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитеті төрағасының орынбасары Әлия Чокушева.

Нақтылағанда, жоба аясында 1072 сандық есептегіш, 804 пәндік стенд, 771 ноутбук, 155 интерактивті тақта, компьютерлер, принтерлер мен пәндік жинақтар алынған. Жоба шеңберінде ШЖМ-дерде математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі пәндерін оқыту жаңа модель бойынша жүргізіледі.

Біріншісі — синхронды оқыту: бұл нақты уақыт режимінде жүргізілетін оқыту моделі. Онда шекара қасындағы, қияндағы ауылдың балалары тірек елді мекендегі құрбы-құрдастарымен бірге, бір педагогпен онлайн сабақ алады. Екіншісі — аралас-гибридті оқыту. Онда балалар онлайн және өз бетінше қашықтан оқи алады. Үшіншісі — ШЖМ-де цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, бірақ офлайн жүргізілетін сабақтар. Бұл интернет байланысы тұрақты емес елді мекендерге жарайды.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев та Ақтөбе облысында жүзеге асырылған «тірек мектебі — шағын жинақты мектеп» моделінің тиімділігін растады. Жоба нәтижесі 2023 жылмен салыстырғанда шағын жинақты ауыл мектептеріндегі білім сапасы орта есеппен 7%-ға артқанын көрсетті. Бір жыл үшін бұл — үлкен жетістік. Облыста цифрлық білім беру экожүйесі қалыптасып, сапалы интернетке қол жеткізу мәселелері шешіліпті. Тиісінше, Оқу-ағарту министрлігі оны еліміздің барлық өңірінде енгізуді ұсынып отыр.

— Жоба аясында Ақтөбе облысында жүргізілген кешенді жұмыстар шағын жинақты мектептердегі білім сапасының артуына серпін берді. Біздің министрлік ұлттық үйлестіруші ретінде соның негізінде ауыл мектептерінің даму стратегиясын әзірледі. Енді әкімдіктер стратегияны басшылыққа алып, жобаны масштабтау жұмысын кезең-кезеңімен қамтамасыз етуі қажет, — деді министр.

Ведомствоның хабарлауынша, бүгінде Қазақстанда 8 мың мектеп болса, соның 67,4%-ы ауылдық жерде орналасқан. Оның 51,2%-ы (шамамен 2,7 мыңдай) шағын жинақты мектептер. Оларда 2024-2025 оқу жылында 187,2 мың бала оқыған. Мұндай білім ордаларының ең көбі Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында орналасқан.

Жобаға енді 17 өңірдің 192 тірек және 759 шағын жинақты мектебі қатысып жатыр. Ал үшінші кезеңде қалған шағын жинақты мектептің бәрі толығымен қамтылуға тиіс. Осы арқылы шекаралық аумақтардың тағы бір проблемасы шешіледі деген үміт бар.

Елдос СЕНБАЙ

Ведомствоның хабарлауынша, бүгінде Қазақстанда 8 мың мектеп болса, соның 67,4%-ы ауылдық жерде орналасқан. Оның 51,2%-ы (шамамен 2,7 мыңдай) шағын жинақты мектептер. Оларда 2024-2025 оқу жылында 187,2 мың бала оқыған.

йындағы өңір: олар Ресеймен, Қытаймен, Өзбекстанмен, Қырғыз Республикасымен және Түрікменстанмен шектеседі. Шекаралық аймақта 65 аудан орналасқан, оларда 3,5 миллион адам тұрып жатыр. Соның ішінде шекарадан 50 шақырымнан аспайтын аумақта 1 283 елді мекен орын тепкен, оларда 1,7 миллион адам өмір сүреді.

Алайда «AMANAT» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Ерлан Саировтың айтуынша, шекарадағы 65 ауданның 40-ының халқы үдемелі түрде азайып барады. Бұған аудандардың біріктірілуі, климаттық жағдайдың адам тұруға қолайсыздығы, аумақтың шөлденуі, жұмыссыздықтың жайлауы, Қазақстанның

БАЛАСЫ КӨП МЕКТЕП БӘСЕКЕДЕ ҰТАДЫ

Депутаттар бастамашылығымен әзірленген заң жобасының бюджеттен шығыстарды талап ететін нормаларына Үкімет пен Республикалық бюджеттік комиссияның рұқсатын алуға, мүдделі меморгандардың келісімінен өткізуге, сарапшылармен талқылауға, басқа рәсімдеріне біраз уақыт, жылдар кетуі мүмкін. Оған дейін шекаралық аумақтарды қолданыстағы заң мен тетік аясында қолдауды күшейткен жөн.

Мысалы, шекара шетіндегі ауыл-аудандарда білім ордаларының тегіс жабылып қалуына жол бермеу маңызды. «Мектебі бар ауылда

РУХАНИЯТ

29 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ



Орхан Насибаев Орал қаласында тұрады. Ол Мұхтар Әуезовтің, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шығармаларын жата-жастана оқиды. М.Әуезовтің «Абай жолы» романын оқып шыққан. Абайдың өлеңдерімен сусындап жүр. Тіпті, жұмыс орнындағы сөреде қазақ әдебиетінің классиктерін тізіп қойған. Біз бұл жолы қазақ классиктерімен сусындаған түрік азаматы туралы айталы отырмыз. Иә, Орхан – түрік ұлтының өкілі. Бір өзі бес тіл меңгерген.

А **Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,** Батыс Қазақстан облысы

Орхан Насибаев сонау Әзербайжан елінен Оралға 2000 жылдың қыркүйегінде көшіп келіпті. Орхан ол кезде небәрі 8 жастағы ұл екен. Алғаш Оралға табаны тиген күнді Орхан әлі ұмытпайды. Күні кешегідей көз алдымда деп күледі өзі.

— Таңғы үште пойыздан түстік. Бөтен жер, бөтен қала. Тып-тыныш қала. Әлі есімде. Мен ол күнді ешқашан ұмытпаймын. Жолда менің туған күнімді тойладық. Мен сегізге толдым. Біз Әзербайжанның көшіп келдік. Мен өзімді нағыз көшпенді түркі жұртының туяғы санаймын. Өзім де жиі саяхаттаймын. Үнемі жолда, далада жүремін. Қазір менде Қазақстанды түгел аралап шығу деген мақсат тұр. Батыс аймақты түгел аралап шықтым. Қазақтардың қонақжайлылығына тәнтімін, — дейді Орхан.

Орхан — үйдің үлкені. Өзінен кейін қарындасы бар. Ата-анасы қарапайым шаруа түріктер. Орхан Насибаев бес тіл біледі: түрік тілі, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, әзербайжан тілі.

Тілді меңгеруге деген дағдысы жоғары. Біз мұның сырын сұрадық.

— Жалпы, бәрі ниетке байланысты ғой, егер адам уақыт бөліп, оқимын десе, оқиды. Тек бір қиындық болады. Ол ортаның жоқтығы. Мысалы, менде ағылшаншамды жетілдіретін орта жоқ. Сол үшін әлеуметтік желіде өзге ұлттарға хат жазып, солармен бейнебайланысқа шығып ағылшынша сөйлесіп, тілді ұмытып қалмас үшін шыдап отырамын. Ал орыс тілі мен қазақ тілін ұмытпаймын. Себебі олардың қолданыс аясы кең ғой. Менің қазақ, орыс достарым өте көп. Өзім орыс сыныбында оқығанмын, — дейді Орхан Насибаев.

Орханға ең оңайы қазақ тілін меңгеру болыпты. Себебі «түбірі бір түркі тілін игеріп кетуге еш кедергі болмады» деп еске алады алғашқы қазақ тілін оқып бастаған кезін біздің кейіпкеріміз.

— Біздің тіліміз ұқсас қой. Өзім орыс сыныбында оқысам да, қазақшаны тез үйреніп алдым. Мектепте ең сүйікті сабағым

КЕЙІПКЕР

ОРХАННЫҢ ОЗЫҚ әлемі



Орхан қазір ата-анасымен Орал қаласында тұрып жатыр. Оралға көшіп келгеніне де 25 жыл болған. Ата-анасы да түрік азаматтары. Ол өз атажұрты Түркияда бір-ақ рет болыпты. Орхан жалпы түркітілдес ұлттарға тән дәстүр, жоралғы, діни ырым-тыйымның бәріне қызығушылықпен қарайды. Әркім өз шыққан тегін білуі керек деп есептейді.

қазақ тілі сабағы еді. Мен үшін қазақ тілін меңгеру әдістемесі өте қызық болатын еді. Кейін колледжге оқуға түстік. Ол кезде ауылдан келген балалар таза қазақша сөйлейтін еді. Олар маған қазақ тілін жетік, еркін меңгеріп кетуіме оң әсер етті. Ауылдан келген балалар орысша сөйлей алмайтын еді. Мен оларға орысша сөйлеуді, олар маған қазақша таза әрі анық сөйлеуді үйретті, — дейді Орхан.

Орхан қазақ тілінде таза сөйлейді. Ол аздай қазақтың шоқтығы биік классик жазушыларын жата жастанып оқитыны бар. Орхан Насибаев қазір қаладағы беделді

тіс емханасының бірінде жетекшілік қызмет атқарады. Ол жұмысқа досы ұсыныс жасап шақырған. Себебі Орхан өте алғыр, бірнеше тіл білетіні бар.

— Мен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне жетікпін ғой. Соны ескерді ме, досым тіс емханасының ұйымдастыру жұмыстарын маған тапсырды. Өзі тіс дәрігері. Ол ұйымдастыру жұмыстарында жүре алмайды. Мен барлық құжатты қазақша да, орысша

кездесіп қалатындай әсер беретін еді. Кейін Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романын оқып шықтым. Ауырлау кітап болды. Бірақ оқып аяқтадым. Қазір көбіне ағылшын тіліндегі кітаптарды оқуға тырысамын. Себебі тілді жаттықтырып отырмасаң, ұмытып қаласың, — дейді ол.

Орхан қазір ата-анасымен Орал қаласында тұрып жатыр. Оралға көшіп келгеніне де 25 жыл болған. Ата-анасы да түрік азаматтары. Ол өз атажұрты Түркияда бір-ақ рет болыпты. Орхан жалпы түркітілдес ұлттарға тән дәстүр, жоралғы, діни ырым-тыйымның бәріне қызығушылықпен қарайды. Әркім өз шыққан тегін білуі керек деп есептейді. Орхан Насибаев отбасында өз дәстүрлерін ұмытпай жалғастырып отырғанын айтты.

— Иә, біз отбасымызда көдімгі түрікше өз дәстүрлерімізді ұстанамыз. Анамыз үйде ұлттық тағамдарымызды дайындап, дастарқан жаяды. Отбасымызбен түріктің таңғы асын дайындап ішеміз. Және отбасымызбен түрік мейрамханаларына барып тұрамыз, — дейді Орхан Насибаев.

Қазақ халқы «жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп текке айтпаған. Өзге тілді білу адамның таным көкжиегін кеңітуге көп ықпал етері сөзсіз. Біздің кейіпкеріміз Орхан да соған көзі жеткен жастың бірі. Түрлі тілді меңгеру арқылы түрлі өркениетпен танысып, мәдениетін зерттеп жүр. Орханның жалғыз мақсаты — қанша тіл меңгерсе де ана тілінен, ата дәстүрден алыстамау, ежелгі көне түркі мәдениеті мен дәстүріне берік болып қалуы көздейді.

Орхан өзі Әзербайжанның Исмайыл қаласында дүниеге келген. Қазір эстетикалық тіс емханасының директоры. Оның осы қызметке келуіне де сол көп тіл білгені, таным көкжиегінің кендігі себеп болған.

Орхан тілді өзі ғана меңгеріп қоймай, бала оқытып, тіл үйренуге деген ниеті барларға көмектесіп жүр. Ол қазір қолы бос уақытта түрік, ағылшын тілдерінен сабақ береді.

— Мен тіл арқылы көзқарасымды дамытып отырмын. Көп тіл білу арқылы шетелдік компаниялармен еркін жұмыс істеймін. Соны айналдамдағы жастарға түсіндіруге тырысамын. Мен бір кездері мұғалім болып та жұмыс істедім, — дейді Орхан Насибаев.

Орхан Насибаев — қоғам белсендісі. Ол Орал қаласында өтетін барлық қоғамдық шараға белсенді қатысады. Алған білімінді біреумен бөлісу —парыз» дейді біздің кейіпкеріміз. Оны тіл білгісі келетін жастар жиі іздейді, осылайша олар жаңа орта қалыптастырып, тіл үйренеді.

Орхан кітапты үзбей оқиды. Ол білімге құштар. Өзі білімді, қарапайым, кішіпейіл азамат. Бар білгенін ортасына үйретуге тырысады. Себебі «білімнің зекеті — үйрету» дейді біздің кейіпкеріміз.

Өз ана тілінде жетік сөйлейтін, мемлекеттік тілді жақсы меңгерген Орхан Насибаевтың мақсаты — биік. Ол болашақта араб және қытай тілдерін меңгергісі келеді.

Біз кейіпкеріміздің жаңа бастамасына сәттілік тіледік.

ТАНЫМ

Жаз шыға археологтар қолдарына керек жабдықтарын алып тарихи жерлерді аралап, өткен күннен сыр шертетін жәдігерлерді іздеуге шығады. Биыл да Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің археологтары Бұқар жырау ауданының аумағында орналасқан көне қоныс орнынан бірқатар құнды археологиялық олжа тапты. Сонымен қатар Нұра ауданында экспедиция мүшелері шамамен мың жыл бұрын өмір сүрген баланың қабірін тапты.

АРХЕОЛОГТАР ашқан сыр

А **Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,** Қарағанды облысы

Бұқар жырау ауданы Төрткөл ауылының маңынан анықталған бұл қоныс — қос қатар тастан қаланған қабырғалары бар жартылай жертөле үлгісіндегі құрылыс.

Қазба жұмыстары барысында геометриялық өрнектермен безендірілген қыш ыдыс сынықтары, жануарлардың сүйектері, тас бұйымдар, шақпақ тастан жасалған жебе ұшы мен металл пышақ табылды.

Керамикалық кешеннің сипаттамасы мен құрылыс ерекшеліктеріне сүйене отырып, археологтар бұл нысанды алакөл археологиялық мәдениетіне жатқызып отыр.

Алдын ала деректер бойынша, қоныс б.з.д. XVIII-XVII ғасырлар аралығына тиесілі.

— Алда қыш материалдарына техникотехнологиялық талдау жасалып, нысанның нақты мерзімін анықтау үшін үлгілер радиоқөміртекті зерттеуге жіберіледі. Қола дәуіріндегі қоныстарды жүйелі зерттеу — Орталық Қазақстан аумағындағы көне тұрғындардың шаруашылығы мен күнделікті тұрмысы туралы білімімізді кеңейтуге мүмкіндік береді, — деді Сарыарқа археологиялық институтының директоры Алексей Кукушкин.

Ал Нұра ауданында Е. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің экспедиция мүшелері шамамен мың жыл бұрын өмір сүрген баланың қабірін тапты.

Табылған зират — бұрын белгілі болған Изенді-6 бейітінің бір бөлігі.

Археологтар құрылысты іріктеу кезінде бұрын байқалмаған қабірді тапты. Айта кетерлігі, жерленген аумақ ғасырлар бойы бұзылмай, сақталып қалған.

Онда ғалымдар марқұмның сүйегін, жебе ұштарын, ат әбзелдерінің бөлшектерін және былғары дорба тапты. Сүйектің жанынан сұрақ белгісі түріндегі сырға табылды. Мұндай сырғалар XII-XIV ғасырларда қыпшақтарға тән болатын.

Антрополог Айкүміс Раисова кешенді остеологиялық талдау жүргізіп, сүйектер 9-12 жастағы балаға тиесілі екенін анықтады. Сондай-ақ баланың тірі кезінде сол жақ иық сүйегін сындырғаны анықталды, бірақ өлген сәтте сынық бітіп үлгерген.

— Мұндай жерлеулер сирек кездеседі. Орта ғасырдағы ескерткіштер Қарағанды облысының аумағында аз зерттелген,



сондықтан осы кезең бойынша алынған жана нәтижелер өзекті және қызықты, — дейді Алексей Кукушкин.

Радиоқөміртекті талдаудың деректеріне сәйкес, көму XII-XIII ғасырларда болған. Ғалымдар қосымша талдау жүргізіп, жерлеуді зерттеуді жалғастырмақшы.

— Табылған бұйымдар көмудегі металдардың құрамын анықтауға көмектесетін спектрлік талдау көмегімен қосымша зерттелетін болады. Одан әрі артефактілер облыстық тарихи-өлкетану мұражайына тапсырылады, — деді Алексей Кукушкин.

Былтыр да экспедицияға шыққан археолог ғалымдар Шет ауданы Өспен ауылдық округінде қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Сол уақытта олар тағы да тарихи жәдігерлерді тапты.

Қола дәуіріне тиесілі бес жерлеу орнынан табылған жәдігерлердің бәрі қола дәуіріне жататынын радиоқөміртекті талдау растап отыр.

Табылған бес қорымның үшеуі ауыл арасындағы жолда болса, қалған екеуі ең далада орналасқан. Барлық жерлеу орны тоналған.

Бірақ ғалымдар әлі де қызықты артефактілердің табылып қалу мүмкіндігін айтады. Олардың ішінде сол кезеңдегі өте сапалы керамика бөлшектері бар. Бір айта кетерлігі, оның құрамындағы саз қазіргі Өспен ауылдық округіне тән, бірақ керамикалық бұйымдарды өндіру технологиясының өзі Орталық Қазақстанның шеберлеріне тиесілі.

Бұдан әртүрлі аймақтан келген қолөнершілер тәжірибе алмасып, бір-бірінен үйренді деген қорытынды шығаруға болады.

Сонымен қатар археологтар эмбрион позасында басыз көмілген адамның қаңқасын тапты. Бұл сол дәуірде өмір сүрген адамдардың күрделі рухани-мәдени идеялары мен дәстүрлерінен хабар береді.

— Барлық жәдігерді облыстық Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығына тапсырдық. Сол жерден артефактілер Өспен ауылының мұражай қорына бағытталды. Енді оларды сол жактан көруге мүмкіндік бар, — дейді экспедиция жетекшісі, EcoProf KZ ЖШС ғылыми-зерттеу бөлімінің жетекші археологі Александр Кнутов.

Қазір табылған жерлеу орындары қоршауға алынған. Бұл келешекте жәдігерлерді сақтау үшін аса маңызды. Бұдан бөлек, ғалымдар XX ғасырдың басында британдық инженер-конструктор Джон Уилфорд Уорделл салған Сарысу байыту фабрикасының қирандыларын әуеден түрлі ракурстан бейнеге, суретке түсіріп алды.

— Бұл заяттың қирандылары облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына, кейбір жергілікті тұрғындарға, акпаратты мақсатты түрде зерттеген туристерге белгілі болды. Алайда нысан танымал болмағандықтан, назар аударылмаған. Біз түсірген суреттер бойынша заяутты қайта құруға, оның архитектурасын іс жүзінде қалпына келтіруге болады, — дейді Александр Кнутов.

Ғалымдар одан бөлек, Сарысу өзенінің бассейні аймағында археологиялық барлау жүргізіп, олар қола дәуіріне, ерте темір дәуіріне, орта ғасырларға және қазіргі заманға жататын жана нысандарды тапты.

Олардың арасында «мұртты» үлкен тас қорған — тасмола археологиялық мәдениеті ерекше мәнге ие. Ол ерте темір дәуіріне жатады және Орталық Қазақстанға тән екенін атап өткен жөн. Ғалымдар аталған нысандарды зерттеуді өрі қарай жалғастыруды жоспарлап отыр. Өткеннен сыр шертетін тарихи жәдігерлер еліміздің әр жерінен табылуда.

Дегенмен бұрын тоналса да әлі күнге дейін жер қойнауында жатқан мұра да жетерлік. Бұл бір жылдың ғана жұмысы емес. Жаңадан аршылған немесе бұрын қолға тиген жәдігерлер тарихымызға басқаша көзбен қарауға үндейді.

Айта кету керек, археологтар ашқан мыңдаған жыл бойы сыр болып жатқан жәдігерлер өткен күндерде қазақ халқы қалай өмір сүргенін айқындайтын құнды дерлік.

29 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

БІЗДІҢ СҰХБАТ

дені сау ұлт – қоғамның басты байлығы. Адам денсаулығына жауапты, ауқымды міндет арқалаған елордамыздағы №1 көпбейінді қалалық аурухана бүгінде сапалы әрі қолжетімді медициналық қызметтің озық үлгісін көрсетіп отыр. Мұнда әрбір дәрігер – өз ісінің маманы, адам өміріне араша түсуге дайын. Мұнда түрлі дертке шағымданып келген науқастарға дер кезінде көмек көрсетіліп, заманауи әдістермен ем-дом жасалады. Инфрақұрылымы жаңартылып, жаңа медициналық технологиялар енгізілген мекеме директоры Ербол Сәрсенбаевпен науқастарға көрсетілетін қызмет түрлері мен ғимараттағы жаңа технологиялық құрылғылар туралы аз-көм сұхбаттастық.

Ербол СӘРСЕНБАЕВ,
«№1 Көпбейінді қалалық ауруханасының»
директоры:



ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫР ЖҮЙЕСІ
АУРУЛАРЫ ЖАСАРЫП КЕЛЕДІ

КҮРДЕЛІ ОТАНЫҢ 15 ТҮРІ ЖАСАЛАДЫ

— Ербол Жаксылықұлы, №1 Көпбейінді қалалық ауруханасында қандай медициналық тенденциялар бар? Жалпы, қоғамда «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейтіндер» көбейді ме?

— Жұмысымызды бастаған сәттен-ақ аурухананы заманауи, науқасқа ыңғайлы емдеу орнына айналдыруды көздедік. Ең басты міндеттеріміздің бірі — халыққа сапалы әрі күрделі медициналық көмекті қолжетімді ету, ғылыми дәлелденген емдеу әдістерін қолдану және қызмет көрсету деңгейін арттыру.

2023 жылдың желтоқсан айында Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны аккредитациядан сәтті өтіп, I санатқа ие болды. Құрылымдық бөлімшелерді дамыту жұмыстары барысында аурухана бөлімдері қайта ұйымдастырылып, жаңа құрылымға ие болды. Нәтижесінде, кардиохирургия, кардиореанимация, кардиология, пульмонология, оналту сияқты арнайы бағыттар бойынша бөлімшелер ашылды. Мамандық жетістіктеріміздің бірі — биыл 2 мамырда жұмысын бастаған жаңа кардиохирургиялық бөлімшенің ашылуы.



Қазір ауруханада жүрекке ашық түрде жасалатын ең күрделі IV деңгейлі операциялар сәтті жүргізілуде. Бұл — тек аурухананың ғана емес, жалпы елорда медицинасының үлкен жетістігі. Енді жүрек-қан тамыр аурулары бар науқастар жоғары технологиялы кардиохирургиялық көмектің барлық түрін ала алады. Оған жүрек ырғағының күрделі бұзылыстарын емдеуге арналған аритмологиялық қызмет, жүрек құрылғыларын (импланттарды) орнату және қан айналымын механикалық жолмен қолдайтын процедуралар кіреді.

Үкіметтің тапсырмасына сай кадрлық саясатты жақсарту мақсатында штаттық кесте қайта қаралды. Бұл еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға және бөлімшелер арасындағы жүктемені қайта бөлуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар ғимаратта күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Бұл жұмыстар инфрақұрылымды жаңартуға, науқастарға қолайлы жағдай жасауға және медицина қызметкерлерінің жұмысын жақсартуға бағытталған маңызды қадам.

Аурухананың қаржылық жағдайын тұрақтандыру — негізгі мақсаттарымыздың бірі. Біз қарыздарды азайту үшін жүйелі түрде жұмыс істеп жатырмыз: қаржы айналымын қайта қарап, ішкі бақылауды күшейтіп, артық шығындарды қысқартудамыз. Біздің басты мақсатымыз — заманауи, тұрақты әрі науқастардың сұранысына сай медициналық мекеме қалыптастыру. Ол уақыт талаптарына жауап беріп, сапалы қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына сай болуға тиіс.

— Қазір пациенттеріңіздің арасында ең жиі кездесетін диагноз қандай? Елордалықтар аурудың қандай түріне көбірек шағымданып келеді?

— Астана қаласындағы №1 Көпбейінді қалалық ауруханаға келетін науқастардың басым бөлігінде жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары мен созылмалы аурулардың асқынуы байқалады. Ең жиі кездесетіндеріне қан қысымының жоғарылауы (гипертензия), қант диабеті, инсульт, инфаркт, тыныс алу жолдарының созылмалы сырқаттары және ауыр жарақаттардың (политравмалар) салдары жатады.

— Мұнда күрделі отаның қанша түрі жасалады? Оған маман жеткілікті ме?

— Астана қаласындағы №1 Көпбейінді қалалық ауруханада түрлі медициналық саланы қамтитын 15 бағыт бойынша жоғары технологиялы және бірегей операциялар жасалады. Олардың қатарында келесі бағыттар бар: лапароскопиялық хирургия, травматология және ортопедия, бариатриялық хирургия (семіздікке қарсы операциялар), ангиохирургия (тамыр хирургиясы), интервенциялық кардиология және аритмология (жүрек ырғағын түзету), урология, оның ішінде эндоскопиялық араласулар, жүрек-қан тамыр хирургиясы.

Ауруханамызда жасалатын операцияның кез келген түрі заманауи технологиялар мен әдістерді қолдана отырып, жоғары технологиялы медициналық көмек (ЖТМК) стандарттарына сай жүргізіледі. ЖТМК тізіміне енгізілген 15 операция түрі клиниканың келесі бейінді бөлімшелерінде жасалады: оториноларингология бөлімі (ЛОР — құлақ, мұрын, тамақ ауруларын емдеу), нейрохирургия бөлімі (жүйке жүйесі мен миға жасалатын операциялар), травматология-ортопедия бөлімі (сүйек, буын және тірек-қимыл жүйесінің жарақаттары), кардиохирургия бөлімі (жүрек-қан тамырларына жасалатын операциялар).

Мамырдан бастап кардиохирургия бөлімінде жүрекке ашық күрделі операциялар сәтті жасалып

Алайда қазір МӘМС жүйесіне кірмеген шамамен 3,4 миллион адам бар. Оның 2,4 миллионы – еңбекке қабілетті, өмір сүру деңгейі орташа азаматтар. Олар өзiрге жүйеге қатыспаған. Ал қалған миллионға жуық адам – қоғамдағы ең әлсіз әлеуметтік топтардың өкiлдерi (D және E санаттары). Жаңа заң дәл осы топты МӘМС жүйесiне қосуға бағытталған.

келеді. Бұл аурухана хирургиясының дамуына үлкен серпін беріп, жүрек-қан тамыр аурулары бар ауыр науқастарға жоғары деңгейде көмек көрсетуге жол ашты.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ
МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІСТЕР

— Ауруханадағы дәрігердің жүктемесі қандай ауқымда? Әр науқасқа дәрігер қанша уақыт бөледі? Отадан шыққан, ауруханадан кеткен пациент пен дәрігер арасындағы қарым-қатынас қалай жалғасады? Бұрынғы пациенттерге кейінгі бақылау, кеңес беру немесе амбулаторлық бақылау қалай ұйымдастырылған?

— Стационарлық бөлімдер мен шұғыл қабылдау бөлімінде дәрігерлердің жүктемесі, әрине жоғары, солай болып қала береді де. Соған қарамастан, медициналық көмек әр науқасқа жеткілікті деңгейде көңіл бөліп, қажетті уақытты арнау принципімен ұйымдастырылған. Ауруханадан шыққан соң пациенттерге емді жалғастыру, оналту және аурудың алдын алу бойынша жеке кеңестер беріледі.

— Маман мықты болғанымен, оның жұмыс істеуіне жағдай жасалмаса тағы болмайды. Соған

қатысты аурухананың медициналық материалдық-техникалық жағдайы қалай?

— Ауруханамыздың материалдық-техникалық базасы қазіргі заман талаптарына толық сай деп айтуға болады. Мекеме қажетті диагностикалық және емдік құрал-жабдықтармен жабдықталған, бұл дәрігерлердің жұмысын тиімді атқаруына және медициналық көмектің сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біз техника мен құрал-жабдықтарды үнемі жаңартып, ғимараттар мен бөлімдердің жағдайын қадағалап отырамыз. Сонымен қатар дәрі-дәрмек пен медициналық материалдармен үздіксіз қамтамасыз ету жолға қойылған. Цифрлық технологияларды енгізу және науқастар мен қызметкерлерге жайлы жағдай жасау бағытында да жұмыстар атқарылуда. Біз үнемі жетіліп, медициналық қызметтің сапасы мен қолайлылығын арттыруға ұмтыламыз.

— Халықтың басым бөлігін мазалайтын не дүние? Жалпы, осы салада сізді толандыратын мәселе бар ма?

— Алдағы уақытта басымдық беретін басты бағыттарымыз — жоғары технологиялы медициналық көмектің көлемін арттыру. Біз бұл көмектің елордалықтармен қатар, еліміздің өзге де аймақтарындағы тұрғындар үшін қолжетімді болуын қалаймыз. Сонымен бірге, шешілуге тиіс маңызды мәселелердің бірі — аурухананың үлкен қарызынан шығу. Ол үшін бізге нақты қаржылық тәртіп, ішкі жұмысты қайта қарау және ресурстарды тиімді пайдалану қажет. Қазірдің өзінде бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалып, қаржылық жағдайды тұрақтандыру жолында жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Біздің басты мақсатымыз — әр науқас өзіне деген қамқорлықты, қауіпсіздікті және сапалы медициналық қызметті сезіне алатын заманауи әрі тұрақты медициналық мекеме құру.

— МӘМС жүйесінің жаңа нормасы кімдерді қамтиды?

— Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қатысты жаңа заң қабылданды, ол бірқатар маңызды өзгерістерді қамтиды. Ең басты жаңалықтардың бірі — әлеуметтік қиын жағдайда жүрген азаматтарды, яғни D және E санатындағы адамдарды сақтандыру жүйесіне қосу. Бұл өзгеріске сәйкес, 2026 жылдан бастап табысы өте төмен шамамен бір миллион қазақстандық азамат медициналық көмекті мемлекет есебінен МӘМС арқылы ала алады.

Қазір Қазақстанда 16,9 миллион адам міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қамтылған. Бұл — ел халқының 82,6 пайызы. Олардың ішінде 11,9 миллионы (59,5 %) жеңілдік санатына жатады, яғни олардың жарнасын мемлекет өзі төлейді. Бұл мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған жоғары әлеуметтік жауапкершілікті білдіреді — билік әр азаматты сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуді көздейді.

Алайда қазір МӘМС жүйесіне кірмеген шамамен 3,4 миллион адам бар. Оның 2,4 миллионы — еңбекке қабілетті, өмір сүру деңгейі орташа азаматтар. Олар өзiрге жүйеге қатыспаған. Ал қалған миллионға жуық адам — қоғамдағы ең әлсіз әлеуметтік топтардың өкiлдерi (D және E санаттары). Жаңа заң дәл осы топты МӘМС жүйесiне қосуға бағытталған.

Қабылданған шешімге сәйкес, 2026 жылдан бастап өмір сүру деңгейі дағдарыстық және шұғыл жағдайда тұрған азаматтар үшін жарналар жергілікті бюджет есебінен төленетін болады. Бұл дегеніміз — енді мұндай азаматтар жоспарлы медициналық көмек алу үшін алдын ала жарна төлеуге міндетті болмайды.

2027 жылдан бастап Қазақстан толыққанды сақтандыру медицинасы моделіне көшуді жоспарлап отыр. Бұл модель барлық тараптың — мемлекет, жұмыс берушілер және азаматтардың бірлескен жауапкершілігіне негізделеді. Мұндай тәсіл «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексте бекітілген принциптерге сай келеді және азаматтардың табысы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, медициналық көмекті тең және әділ түрде қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Қабылданған шаралар тек Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесінің қамту аясын кеңейтуге емес, сонымен қатар елді әрбір азамат үшін әлеуметтік әділдік пен медициналық қауіпсіздікке қамқандатуға бағытталған.

— Өңіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ЖӨН ЕКЕН!

«ЖАСЫЛ ЕЛ»:
ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

Жаз айларында бос уақытын тиімді өткізіп, еңбек тәжірибесін жинақтағысы келетін жастар үшін Шымкент қаласында ерекше мүмкіндік ұсынылып отыр. Қала әкімдігі мен «Жасыл ел» бағдарламасының бастамасымен жүзеге асып жатқан бұл жоба жазғы маусымдық жұмыс орындарын ашуға бағытталған. Бұл бастама жастардың еңбекке араласуына жағдай жасап, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруды мақсат еткен. Сонымен қатар жоба арқылы Шымкент қаласын көгалдандыру, абаттандыру және тазалық сақтау бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу көзделуде.



«Жасыл ел» — Қазақстан жастарының патриоттық рухын көтеруді және еңбекке баулуды мақсат тұтатын республикалық бағдарлама. 2005 жылдан бастап жүзеге асып келе жатқан бұл бағдарламаға жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен он мыңдаған жас қатысып келеді. Шымкент қаласы да бұл бастамадан шет қалған жоқ. Жыл сайын жаз мезгілінде қала жастары көше мен саябақтарды тазалап, ағаш отырғызып, гүлзарларды күтіп-баптау секілді жұмыстарға белсене қатысады. Жастар үшін бұл тек табыс көзі емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілік пен қаланы сүюдің бір көрінісі болып табылады.

Маусымдық жұмыс орындары негізінен төрт негізгі бағыт бойынша ұйымдастырылады. Олардың қатарында аулаларды ретке келтіру, қоғамдық орындарды тазалауды ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстар бар. Сонымен қатар көгалдандыру шарасы аясында ағаштар отырғызылып, гүлзарлар орнату, ағаштарды сурау жұмыстары жүреді. Ал абаттандыру барысында кіші архитектуралық формалар орнатылып, жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бағдарлама аясында жастар қаланың санитарлық тазалығына да үлес қосады.

Аталған жұмыстар Шымкент қаласының төрт ауданында — Абай, әл-Фараби, Еңбекші және Қаратау аудандарында жүргізіледі. Жастардың жұмыс істеуіне барлық қажетті құрал-жабдықтар мен қауіпсіздік шаралары қарастырылған. Қатысушыларға заңға сәйкес еңбекке төленіп, еңбек кітапшасына жазбалар енгізіледі. Бұл олардың болашақтағы жұмыс іздеу кезінде қосымша артықшылық болады.

Бұл жастар үшін тәжірибе мен жаңа мүмкіндіктер алаңы болып отыр. Жобаның тағы бір артықшылығы еңбекке араласу арқылы жастардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге, жаңа достар табуға және болашақ мансабына қажетті тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алуы. Бұл олардың бос уақытын мақсатты әрі пайдалы өткізуіне сеп болады.

— «Биыл алғаш рет осындай жобаға қатысып отырмын. Қала тазалығына үлес қосу өзім үшін үлкен жауапкершілік әрі мұқияттық. Жұмыстың ауырлығына қарамастан, осындай бастама жастарға үлкен мүмкіндік береді», — дейді қатысушылардың бірі, 19 жастағы студент Ержан Әбдіқадыров.

Жобаға қатысқысы келетін жастар өздерінің аудандық Жастар ресурстық орталықтарына немесе Шымкент қалалық Жайлы органы дамыту басқармасына тікелей хабарласа алады. Қатысу үшін жастардың жасы мен жұмыс істеуге қабілеті ескеріледі. Құжат тапсыру кезінде жеке көуәлік, студенттік билет (бар болған жағдайда), мекенжай анықтамасы қажет болуы мүмкін.

Жоба тек қала тазалығын сақтауға бағытталып қана қоймай, жастардың бойына еңбекқорлық, ұқыптылық пен ортаға деген жанашырлықты қалыптастыруға негізделген. Еңбекке ерте жастан араласқан азаматтардың болашақта кәсіби мансабына деген қозғарасы қалыптасып, белсенді азаматтық ұстанымы артады.

Шымкент қаласының әкімі, сондай-ақ жастар саясатына жауапты мекемелер бұл жобаның алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табатынын мәлімдеді. Жаңа форматтағы еңбек топтары, еріктілер қозғалысы және экологиялық акциялар арқылы қала жастарының белсенділігі артып, қоғамдық жұмыстардың ауқымы кеңейі түспек. Жазғы маусымдық жұмыс орындары жастар үшін табыс табумен қатар, өз қаласына деген сүйіспеншілігін нақты іспен дәлелдеуге берілген үлкен мүмкіндік. Мұндай жобалар жастардың дамуына, ел болашағына инвестиция екені сөзсіз.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

АЙМАҚ

29 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

КӨКЕЙКЕСТІ

Қоғамда әділдік пен заң үстемдігі, яғни баршаға ортақ «Заң және тәртіп» қағидасы орнықпаса, мемлекеттің дамуы да, халықтың әл-ауқаты да тұралай түседі. Бұл – адамзат баласы өмір сүріп келе жатқан сонау әлмисақтан бергі өз мәні мен маңызын жоймағаны ақиқат. Өкінішке қарай, елімізде сыбайлас жемқорлық мәселесі әлі де өзекті болып тұр. Жең ұшынан жалғасқан жемқорлықпен күрес күн тәртібінен түспейтін өткір мәселе екені сөзсіз. Мемлекеттік қазынаға қол салғандардың, заңды белден басқан лауазым иелерінің әрекеті елдің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Дегенмен әділеттілік салтанат құрмай қоймайды, бүгінде жемқорлардың бірі ұсталып, бірі жауапқа тартылып жатыр. Бұл – қылмыстың жазасыз қалмайтынының жарқын көрінісі.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Сыбайлас жемқорлық бүгінде тамырын тереңге жайған аса қауіпті әрі жүйелі дертке айналды десек қателеспейміз. Оның салдары тек мемлекеттік аппаратта емес, қарапайым халықтың да күнделікті тіршілігіне елеулі кері әсерін тигізіп келеді. Бұл індетпен күрестің басты шарты – қоғамның санасын өзгерту арқылы ғана қол жеткізу мүмкін болмақ. Заңның солқылдақ тұстарын жетілдіру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және әр азаматтың жауапкершілігін арттыру – жен ұшынан жалғасқан қылмысты ауыздықтаудағы күрестің негізі екені рас. Бүгінде ел ішінде әділдік жолында үнсіз қалмай, заңбұзушылықты дер кезінде хабарлап, қоғамдық тәртіптің сақталуына үлес қосып жүрген азаматтардың саны артып келе жатқанын атап өткен жөн.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ – ӘДІЛДІКТІҢ ҚОРҒАНЫ

Ақмола облысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өңірлік департаменті жемқорлықпен күреске азаматтарды кеңінен тартуға күш салып келеді. Құқық қорғау құрылымдары азаматтық ұстанымның маңызын ерекше атап өтуде. Бұл ретте кез келген құқықбұзушылық туралы уақытылы хабар беру әркімнің азаматтық борышы екенін атап өткен жөн.

Мәселен, Ақмола облысындағы бір аудандағы білім бөлімінің басшысына қатысты заңсыз әрекеттер туралы хабар берген Катима Ахметованың әрекеті – батыл азаматтық қадамның үлгісі. Бұл ақпарат негізінде ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 680-бабымен әкімшілік хаттама толтырылып, сот шешімімен лауазымды тұлға қызметінен босатылды. Мұндай нақты мысал қоғамда әділдік орнатуға әр азаматтың үлес қоса алатынын айқын көрсетеді.

МӘСЕЛЕ

ТҮЙЕ ҚЫРЫЛЫП ЖАТЫР

Атырау облысында жүздеген түйе белгісіз ауруға шалдығып, ондаған бас мал қырылып қалды. Сараптамалар қауіпті жұқпалардан теріс нәтиже бергенімен, нақты диагноз әлі күнге дейін анықталған жоқ. Аймақ тұрғындары мен мал иелері алаңдаулы. Қазір мамандар зерттеулер жүргізіп жатыр.

А Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

100-ГЕ ЖУЫҚ ТҮЙЕ ҚЫРЫЛДЫ

Соңғы екі ай ішінде Құрманғазы ауданының төрт бірдей ауылдық округінде – Дыңғызыл, Еңбекші, Мақаш және Нұржауда – түйелердің белгісіз дертке шалдығуы тіркеліп отыр. 2025 жылғы маусым-шілде аралығында барлығы 204 бас түйе ауру белгілерімен тіркелген. Өкінішке қарай, олардың 84-і қырылып қалған, 73-і жазылып шыққан, ал 47 түйені емдеп жатыр.

Бұл оқиға – мал шаруашылығы дәстүрлі негізгі табыс көзі болып саналатын өңір үшін ауыр соққы болып отыр. Әсіресе, түйе өсірумен айналысатын жеке шаруа қожалықтарына келтірілген шығын орасан зор. Бір түйенің нарықтағы орташа бағасы 1,5-2 миллион теңге аралығында болса, жалпы шығын көлемі ондаған миллион теңгеге жетіп отыр.

ЖАУАП ЖОҚ...

Ауруға шалдыққан түйелерде байқалған белгілер әртүрлі. Малын жоғалтып отырған шаруалардың айтуынша, түйелерде кенеттен әсіресе, аяқ-қол дірілі, дене температурасының көтерілуі, сіңір тартып қалу сынды белгілер тіркеліп отыр. Небәрі екі-үш күннің ішінде түйелер осылайша өліп кетіп жатыр.

«ӘДІЛ ҚОҒАМ» – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



— Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру — бұл мемлекетті қорғау ғана емес, әр азаматтың өз болашағына деген қамқорлығы, — дейді Катима Ахметова. Оның бұл сөзі қоғамдағы әділет, заң және адамгершілік ұғымдарына деген сенімді барынша айғақтай түседі.

«ӘДІЛ ҚОҒАМ» – САНА МЕН ЗАҢ ҮЙЛЕСІМІ

Бүгінде іске асып жатқан «Әділ қоғам» жобасы мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтудың жаңа бағытына айналып келеді. Жобаның негізгі мақсаты азаматтарды заңға құрметпен қарауға, ашықтық пен әділеттілікті өмір салтына айналдыруға үндеу болып отыр. Жоба аясында өткізілетін мәдени-ағартушылық шаралар қоғам арасында құқықтық сауаттылықты арттырып, азаматтық белсенділікке тың серпін беріп келе жатқанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар облыс аумағында кең көлемде ұйымдастырылған «Заң және тәртіп» апталығы аясында жұртшылыққа мемлекет меншігіне қайтарылған, сыбайлас жемқорлықтың салдарынан тәркіленген активтер негізінде салынған әлеуметтік нысандар да кеңінен таныстырылуда.

— Бұл өз кезегінде өңірдің әлеуметтік және экономикалық дамуына да өзінің оң ықпалын тигізіп жатқаны рас. Мұндай іс-шаралар қоғамдық бақылаудың артуына, мемлекеттік органдарға деген сенімнің нығаюына тың серпін бермек, — дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті өкілдері.

Осылайша, қу құлқынның қамымен кезінде жемқорлар иемденген активтер енді ел игілігіне қызмет ететін болды. Ақмола өңірінде мемлекетке қайтарылған активтердің қатарында әкімшілік ғимараттар, жер телімдері, элиталық көліктер, сондай-ақ тұрғын үйлер мен білім беру мекемелері бар.

Атап айтқанда, Ақкөл ауданының Кіші Барап ауылында орналасқан Өтемісов атындағы оқушылар сарайы ұрланған қаражаттың халық игілігіне айналғанының жарқын мысалы бола алады. Қазір бұл

орталықта арт-шеберханалар, «Өрлеу» коуоркинг-аймағы, спорт аландары мен балаларға арналған демалыс аймақтары табысты жұмыс істеуге мүмкіндік алған.

ҰҚК – ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ СЕНІМДІ СЕРІК

Сыбайлас жемқорлықпен күресте Ұлттық қауіпсіздік комитетінің де үлесі айрықша десек қателеспейміз. Жақында ғана Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кіріс департаментінің басқарма басшысы пара алды деген күдікпен ұсталған еді.

— Қазір аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Қылмыстық процестік кодекстің 201-бабының 1-бөлігіне сәйкес, тергеу мүддесіне орай өзге ақпарат жария етілмейді, — дейді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми өкілі Қайырлы Ахмет.

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес үшін қоғаммен тығыз байланыс орнату аядай қажет екені ақиқат. Осы орайда агенттіктің Ақмола облысы бойынша департаменті әрбір азаматты кез келген құқықбұзушылықты дереу арада хабарлауға шақырады. Ол үшін тәулік бойы жұмыс істейтін 1424 Call-орталығы, +7 777 000 1424 WhatsApp чат-боты, сондай-ақ Instagram мен Telegram желілеріндегі ресми парақшалар қолжетімді. Бұл арналар тек шағымдарды қабылдап қана қоймай, халықпен ашық диалог құрудың нақты үлгісін көрсетіп отыр.

P.S

«Әділ қоғам» — бұл жай ғана жоба емес, бұл — мемлекет пен халық арасындағы сенімді диалог алаңы. Ақмола өңірінде қолға алынған бастамалар бұл жобаның нақты нәтижелерге бағытталғанын көрсетеді. Адалдық, әділеттілік және заң үстемдігі — өркеніетті қоғамның іргетасы. Сондықтан да әрқайсымыздың азаматтық ұстанымымыз, ерік-жігеріміз бен жауапкершілігіміз ел болашағын айқындайтын басты құндылық екенін ұмытпасақ дейміз.

ТҮЙТКІЛ

Күн өткен сайын жастардың делебесін қоздырып, уақытша ләззатқа бөлеп, ақыр-соңында өлімге апаратын есірткі мәселесі ушығып келеді. Мемлекетіміз есірткі қолданушылар мен берушілерді қатаң заңмен жазаласа да, нашакорлыққа тәуелділіктен арылмай тұр. Мәселен, бір ғана Алматыда былтыр есірткінің заңсыз айналымына қатысты 716 заңсыздық ашылған.

ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ

А Әсет ҚАЛИ

Қалалық ПД ресми өкілі Салтанат Әзірбектің мәліметінше, 1 тонна 083 келі есірткі тәркіленіп, қылмыстық жауапкершілікке 322 адам тартылған, олардың ішінде 15-і шетел азаматтары.

«Бүгінде жаһандық мәселелердің бірі — синтетикалық препараттар. Ең өзектісі есірткіні өндіруге арналған зертханалар болып тұр. Арнайы мамандардың тексерулердің нәтижесінде 23 есірткі зертханасы жойылды. Сонымен қатар синтетикалық препараттарды кон-



тактісіз әдістермен, электронды төлемдерді қолдану арқылы интернет арқылы тарату үрдісі өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Былтырғы жылмен салыстырғанда есірткімен ұсталғандардың саны артып, биыл 105 есірткі сатушы ұсталды», — делі ПД ресми өкілі.

Есірткімен күресте Ішкі істер министрлігі де белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Тек соңғы үш айда республика бойынша 69 есірткі зертханасын жойып, 18 ұйымдасқан қылмыстық топтың жолын кескен. Бірақ әлемдік қара нарықта белең алып, сұранысқа ие болғандықтан, елімізде синтетикалық заттарды жасырын өндіру жағдайлары жиі кездеседі.

«Жыл басынан бері 1 425 адам ұсталды. Оның ішінде 76 әйел, 23 жасөспірім және 9 шетел азаматы. Есірткі қылмысын анықтау және жолын кесу бойынша жұмыс жалғаса береді», — дейді ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті төрағасының орынбасары Данияр Мейірхан.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнazarova айтқан мәліметтерге сәйкес, бүгінде диспансерлік есепте есірткіге тәуелділігі бар 17 мыңнан астам адам тұр. Соңғы бес жылда опиоидқа тәуелділер саны 1,5 есе азайған, керісінше синтетикалық стимуляторларға және есірткіні аралас қолдануға тәуелді боп қалған пациенттер саны артқан. 2024 жылдың соңынан бастап тәуелділік синдромы жок, бірақ есірткіні өзіне зиянды түрде тұтынатын адамдарға консультациялық бақылау енгізілді. Онымен бүгінде 3 мың-

ға жуық адам қамтылды. Наркологиялық көмек 20 өңірлік психикалық денсаулық орталықтарында, 79 қалалық және 205 аудандық кабинеттерде көрсетіледі, сондай-ақ Республикалық ғылыми-практикалық психикалық денсаулық орталығы жұмыс істеп тұр. Медициналық-санитарлық алғашқы көмек деңгейінде 94 жастардың денсаулық орталығы бар, оған 2024 жылы 700 мыңнан астам адам жүгінді. 2025 жылы емдеудің тиімділігін арттыру бойынша жаңа әдістемелік ұсынымдар бекітілді. Ауруханаға жатқызуда қарсы көрсетілімдер тізбесін қайта қарау жалғасуда.

Премьер-Министр Олжас Бектенов құқық қорғау органдарының қанша күш салып жатқанына қарамастан, нашакорлық мәселесі, әсіресе жастар арасында сақталып отырғанын атап өтті.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң мен тәртіп» қағидатын мемлекет пен қоғам қызметінің негізгі постулаттарының бірі ретінде айқындап берді. Сондықтан да мемлекеттік органдар, соның ішінде құқық қорғау органдары Мемлекет басшысының осы нұсқауы сөзсіз орындалуын бірінші кезекте қамтамасыз етуі міндетті. Бүкіл қоғамды алаңдатып отырған қауіпті тенденция — жастар арасында нашакорлықтың таралуы. Өкінішке қарай, ол күннен-күнге белең алып барады. Жағдай оны таратудың жаңа әдістерімен шиеленісе түсуде, олар — интернет арқылы, пошта арқылы, «жасырып кету», иесі белгісіз электронды төлемдер. Мұның барлығы «наркодилер-өткізуші-тұтынушы» үштігінде физикалық байланыстың болмауына әкеліп отыр. Сол себепті де қазір таратушыларды ұстау әлдеқайда қиын», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қазір балалар мен жасөспірімдерді есірткі саудасына тарту деректері алаңдатарлық деңгейге жетті. Соңғы зерттеулерге сүйенсек, жоғары сынып оқушыларының әрбір бесіншісі синтетикалық есірткіні өмірінде кем дегенде бір мәрте қолданып көрген. Тағы бір үрейлі дерек, нашакорлыққа душар болғандардың арасында қыз балалардың саны артып келеді.



Осы аптада бұл мекемелердің сарапшылары Құрманғазы ауданына арнайы келіп, дала зерттеулерін, қайтара сынама-лар алуды, экологиялық мониторингті бастауы тиіс. Ғалымдар жан-жақты тексерістерден кейін нақты диагноз қоя алады деп күтілуде.

Құрманғазы ауданы — Қазақстандағы түйе өсірумен айналысатын ең белсенді өңірлердің бірі. Ауыл тұрғындары көбіне ет, сүт, шұбат өндірісіне бағытталған түйе шаруашылығына тәуелді. Осы орайда дерттің таралуы тек ветеринарлық емес, әлеуметтік мәселе ретінде де қарастырылуы тиіс. Бүгінде мал иелерінің бір бөлігі мемлекеттен өтемақы төлеуді, төтенше жағдай режимін енгізуді және мал дәрігерлік қорғаныс шараларын күшейтуді талап етуде.

«Аурудан бөлек, адамдардың күнкөрісі қиындап кетті. Мал — жалғыз табыс көзі. Мемлекет бізді қолдайды деген үміттеміз», — дейді Нұржау ауылының шаруа иесі Өтеген Умшев.

Құрманғазы ауданындағы түйелердің жаппай ауруы — еліміздің ветеринариялық жүйесі мен ауыл шаруашылығы саласы

үшін үлкен сынақ. Бұл жағдай ел көлемінде ескеріліп, тиісті органдар тарапынан нақты шаралар қабылдануы тиіс. Себебі бұл — тек бір ауданның мәселесі емес, мал шаруашылығының болашағына төнген қауіп.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесі дерттің нақты себебін ашып көрсетіп, оған қарсы күрестің тиімді жолдарын ұсынады деп үміттенеміз. Ал әзірге аурумен күрес жалғасып жатыр, тұрғындар күдік пен үміттің арасында күн кешуде.

Еске сала кетсек, осыған ұқсас жағдай Атырау облысында 2019 жылы да тіркелген болатын. Жылбойы ауданына қарасты Ақкиізтоғай ауылында алғаш рет 20-ға жуық түйе белгісіз індеттен қырылып қалған болатын. Жергілікті ветеринариялық қызметтің сол кездегі мәліметінше, малға берілген су мен шөптен алынған сынама-лар зертханалық тексеруден өткізілгенімен, ешқандай ауытқулар бағылмаған. Дегенмен қырылған түйелердің бірін сою барысында көмекей манынан көп мөлшерде күрт табылған еді. Мамандар сол кезде түйелердің өліміне паразит жәндіктердің шөпке салған жұмыртқаларынан пайда болуы мүмкін деп топшылаған еді.

СПОРТ

29 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ



СТУДЕНТТЕР ДОДАСЫ:

Бір алтын мен он қола



16-27 шілде аралығында Германияда өткен Универсиада ойындары аяқталды. 12 спорт түрінен 76 атлет барғанымен, үш спорт түрінен жүлдегерлер қатарына енді. Германияның төрт қаласында өткен дода көрерменге ерекше әсер сыйлады. Өйткені студенттер додасы алғаш рет бірнеше қалада ұйымдастырылды.

БЕРЛИНДЕГІ БЕЛЕС
Иә, спортшыларымыз Универсиаданы 11 медальмен аяқтады. Студенттер сайысында қоржынға 1 алтын, 10 қола медаль түсті. Осылайша, 37 орынға жайғастық. Әрине, бөрікті аспанға атар нәтиже емес. Десе де, кейінгі жылдары таеквондодан тасымыз өрге домалап тұрғанын дәлелдедік. Германияға барған 13 таеквондошының алтауы жүлде ілді, ішінде алтын жүлдесі тағы бар. Оған аралас құрама мен әйелдер құрамасы ұтып алған екі қоланы қосыңыз. Сонда бір спорт түрінен 8 жүлде еншіледік. Әсіресе, таеквондошылардың бір-бірін демеп, алаң сыртында арқадан қакқаны қандай ғанибет. Самирхон Абабакиров алтын медаль алғанда бәрі сүйіншілей жүгірді. Өйткені 5 қоладан кейін, бір алтын күткеніміз анық. Ол финалда түрік спортшысы Омер Дайоглуны жеңіп, алтыннан алқа тақты. Қалған қыз-жігіттер бабында күресті, тек сәттілік жетпегені рас. Сөйтіп, Тамирлан Тілеулес, Дамир Шуленов, Батырхан Төлеуғали, Нодира Ахмедова, Бейбарыс Қаблан қола медаль алды. Соның ішінде Батырхан Төлеуғали жартылай финалда төрешінің бұра тартқанын ашық айтты. Оңтүстіккореялық қарсыласымен бұдан бұрын да кездескенін, сол үшін зерттеп келгенін, кездесуде де сәтті өнер көрсеткенін атап өтті. Қай таеквондошыны алсаңыз да, күзде өтетін әлем чемпионатында есені қайтарамыз деп отыр.

«Универсиада ойындарына бірінші нөмірлі спортшыларды әкелдік. Алда Әлем чемпионаты күтіп тұр. Бір жағынан соның алдындағы дайындық іспетті болады. Басқа елден де үздіктер жиналған. Шәкірттеріме көңілім толды. Топ-6 құрамаға кірдік. Тренерлік топ, федерация бірігіп, жүзі бойынша жұмыс істедік. Көрдініздер, нәтижесін берді. Кей спортшыларда психологиялық барьер әлі де бар. Елге жеткен соң, жұмыс істейміз. Самирхон Абабакиров өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз орындады. Ал кей спортшыға сәттілік жет-

песе, кей тұста төрешінің де қателігі бар. Дегенмен күздегі аламанға тастүйін дайындаламыз», — деді таеквондодан ұлттық құраманың бас бапкері Есбол Сұлтанов. Таеквондодан кейін, дзюдодан екі қола медаль бұйырды. –60 келіде өнер көрсеткен Аман Бакытжан мен –66 келіде белдескен Нұрканат Серікбаев үшінші орын алды. Белдесуден кейін Аман Бакытжан журналистер сауалына: «бабым келмеген соң, ыңғайлы күресе алмадым», — деп жауап берді. Бапкерлердің демеуімен қолаға қол жеткізгенін, әсіресе Бекжан Әбдуәли бапкеріне алғыс айтатынын жеткізді. Ал –66 келіге енді тіс батыра бастаған Нұрканат Серікбаев ә дегеннен сәтті өнер көрсеткен. Көпшілік оны финалға дейін сүрінбей жетеді деп ойлады. Сценарий жартылай финалға дейін айна қатесіз орындалып келе жатқан. Бірақ финалға таяқ тастам жерде сүрініп, IJF өкіліне есе жіберді. Ал қола жүлде үшін бәсекеде украин балуаны Микита Холобородкодан басым түсті.



«Универсиадаға жастарды алып келдік. Барынша тырыстық, бірақ медаль болмады. Қыз-жігіттер медаль алу үшін барын салды. Сәттілік жетіспеді. Ыңғайлы күресе алмадым. Өйтпесе, анау айтқандай қарсылас жоқ. Алда бел шеше күресетін сәт туады». Ал Аман мен Нұрканаттан басқа дзюдошылар жүлдеге іліге алмады.

«Көрдініздер, бақ пен бап қатар шаппай қалды. Жартылай финалда ұтып тұрған жерден ұтылдым. Санаулы секунд белдесу тағдырын шешіп кетті. Тактикалық тұрғыда асықпай, шегіне күресуім керек еді. Бұл маған үлкен сабақ болды. Жалпы, универсиадада медаль еншілегеніме қуаныштымын. Жана салмақ жағып



жатыр. Осы жарысқа әлемдік айтулы жарыстарда топ жарып жүрген жігіттер келген. 66 келіде әлі талай биікті бағындыратыныма сенемін», — дейді балуан Нұрканат Серікбаев.

ЖҮЛДЕГЕ ДЕЙІНГІ БІР ҚАДАМ
Студенттер додасының тағы бір қоласын гимнаст Айбота Ербайқызы

әперді. Ол таспамен жаттығуда 26.600 ұпай жинап, үшінші орын алды. Бұл сында алтын өзбек спортшысы Тахмина Икромоваға (28.700), ал күміс медаль белорус қызы Алина Горноскожа (27.850) бұйырды. Ал отандасымыз ұршықпен жаттығуда 26.800 ұпай жинап, 4 орын алды. Одан бөлек, доп пен шығыршықта да әдемі өнер көрсетті. Финалдан кейін өзі де бапкер қойған тапсырманы түгел орындағанын, барын салғанын айтты. Барлық жаттығуды мүлтіксіз жасап, төрт жаттығуда көрсеткен өнері ұнағанын жеткізді. Әсіресе, таспамен жаттығуда суда жүзген балықтай болғанын қосты. Алда кішігірім қателікті түзеп, жарқын жеңіспен қайта оралатынын атап өтті.

Жүлдегерлерден басқа атап өтер тағы бір ойыншы болса, ол — Дмитрий Потанин. Спорт гимнастикасынан сынға түскен ол 4 орын алып, жүлдеге бір табан жетпей қалды. Өзі де финалдан кейін төрешілер нәтижені қайта қарап көруі керегін айтқан-ды. Көпсайыста барын салып, жаттығуды мүлтіксіз орындады. Жанкүйерлер де Потаниннің медаль алатынына сенген еді. Өзіне сенімді спортшы екені көрініп-ақ тұрды. Оның үстіне, бәсеке жоғары болды. «Сен тұр, мен атайын» дейтін жастар жиналған екен. Десе де, Дмитрий болашағынан үміт күттіретін, Милад Каримидің ізін басар жастар өсіп келе жатқанын дәлелдеді.

Ал жеңіл атлетикадан сынға түскен Кристина Овчинникова финалға шыққанымен, жүлдесіз қалды. Ұзындыққа секірген ол финалға дейін 1.81 метрге секірген еді. Ал финалда 1.76 метрді бағындырды. Өзі де актық сынға дейінгі нәтижені қайталай алмағанына өкінген-ді. Осы бәсекеге қатысқан тағы бір отандасымыз Елизавета Матвеева іріктеуден өте алмады.

Қош, Қазақстан құрамасы Германияда өткен XXXII жазғы Универсиада ойындарын 11 жүлдемен аяқтады. Тарихқа көз жүгіртсек, еліміз 2011 жылы Шэньчжэньде өткен Универсиадада 44 орын алған. Жалпы саны алты медаль еншілеген.

Кестедегі орын саны бойынша келесі төмен нәтиже осы, Германиядағы дода болып тұр. Кейінгі екі универсиаданы салыстырсақ, ел құрамасы 2019 жылы Неапольда өткен жарыста бір қола, бес күміс пен бір қола алған. Одан кейін пандемияға байланысты 2023 жылы өткен Чэндудегі Универсиадада екі алтын, жеті күміс пен 11 қол қоржынға түскен. Биыл құрамаға күміс медаль бұйырмады. Қанжығада бір алтын мен 10 қола медаль бар. Бастапқыда сарапшылар осы студенттер додасында өткен Универсиададағы нәтижені қайталай алатынымызды айтқан-ды. Жеме-жемге келгенде олай болған жоқ. Универсиадаға 12 спорт түрінен спортшы апарсақ, үш спорт түрінен ғана жүлде бұйырғаны тағы бар. Келесі Универсиадаға дейін кем-кетікті түземесе, жалпы есепте жоғарылау мұң болып тұр. Ал келесі дода 2027 жылы Оңтүстік Кореяда өтеді.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

КӨКЖИЕККЕ КӨЗ ТІККЕН ЖАСТАР

Сырта жүрсе де рухын жоғалтпай, ата-дәстүрден алыстамаған жастарымыз көп. Оларға арналған іс-шаралар мен олимпиадалар да жиі өткізіліп тұрады. Соның бірі – шеттегі қазақ диаспорасы балаларына арналған «Қазақстан – атажұртым, қасиетім – ана тілім» деген атпен өтетін дәстүрлі халықаралық олимпиада биыл Павлодар қаласында жалғасын тапты.



Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 20 жылдан бері арқауын үзбей ұйымдастырылып келе жатқан ұлт шарасы жемісін беруде. Осы уақыт ішінде үш мыңға жуық жас Отанына оралды. Бұл білім сайысы Отанымыздың барлық өңірінде өтеді. Биыл Ертіс – Баянда екінші рет ұйымдастырылды. Ұлт арыстарының елі: Қытай, Моңғолия, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғыз, Ресей Федерациясынан қатысқан 63 оқушыны ата-салт бойынша құшақ жая қарсы алып, ерекше ілтипат танытты.

Ашылу салтанаты сәулеті келіскен Жастар сарайында өтті. Жиында облыс әкімінің орынбасары Айгүл Мәлікова сөз сөйлеп, жүздері бал-бұл жанған ұл мен қыздың қаламдарына сәттілік тіледі. Ертіс – Баян жұртының арғы-бергі тарихына аз-кем тоқталып, «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деген Сұлтанмахмұт Торайғыров, «Ұлтым менен биік» деген Қаныш Сұлтанбаев сынды тағы басқа жаксылар елі екенін алға тартып, ұлт ұрпағы болуға шақырды.

Шетелде тұрып жатқан қандас балаларды түп тамыры саналатын Отанымен таныстыра отырып, талантты оқушыларды анықтады. XXII олимпиада мақсаты – қандас балаларды қарғайынан ана тілін үйренуге жол ашу, әдебиеті мен тарихына деген қызығушылығын арттыру, өсе келе ата-жұртына оралту. Олимпиада талабына сай қатысушылар үш кезең бойынша сынға түсті. Бірінші кезеңде шағын эссе жазса, екінші кезеңде тарихи таным бойынша әзірлеп келген жұмысы туралы баяндама оқыды. Үшінші кезеңде шығармашылық таныстырылымн талқыға салды.

КИНЕМАТОГРАФИЯДАҒЫ СЕРПІЛІС

Күні кеше Альметьевск қаласында (Татарстан Республикасы, Ресей) «Каракуз фильм» халықаралық кинофестивалінің ашылуы өтті. Фестиваль бағдарламасына Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Грузия және Ресейдің әртүрлі өңірлерінен отыздан астам фильм енді.



Фестиваль шымылдығын Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген «Шатырдағы екеу» фильмі ашты. Фильмді фестиваль аясында продюсер Әлия Шәріпбаева таныстырып, шығармашылық кездесу өткізді. Продюсер түсірілім процесі туралы әңгімелеп, көпшілік сұрақтарына жауап берді.

«Шатырдағы екеу» фильмі – Гулшат Смағұлованың алғашқы режиссерлік жұмысы. Картина тағдыры қиындыққа толы жас жігіт Дамир мен аутизм дертіне шалдыққан жасөспірім Костяның арасындағы достықты баяндайды.

Фестиваль аясында француз күресінен әлем чемпионы атанған алғашқы қазақ палуаны Қажымұқан Мұнайтпасов туралы баяндайтын «Қажымұқан» фильмі де көрсетілді. Ол – халықаралық, Ресей және бүкілодақ чемпионаттарында аса ауыр салмақ дәрежесінде жеңіске жетіп, елуге жуық медаль иеленген тарихи тұлға.

Айта кетейік, «Каракуз фильм» – көрерменнің өзі қазылық ететін жеті күндік кинофестиваль. Байқау бағдарламасында алты номинация қарастырылған. Атап айтсақ, «Үздік көркем фильм», «Үздік деректі фильм», «Үздік анимациялық фильм», «Үздік қысқаметражды фильм», «Балалар көзайымы жүлдесі», «Каракуз фильм» Гран-при және бес арнайы жүлде табыс етіледі.

Фестивальге қазақстандық фильмдердің қатысуы ұлттық кинематографияға деген қызығушылықты көрсетіп қана қоймай, оның халықаралық мәдени кеңістіктегі маңызын да айшықтайды.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албап АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗҰАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4682
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,